

Гүлдана Мұхтарбекқызы Нұрсәуле Тілдабаева

DOSTAR 2

Тимур

Балаларға арналған әңгімелер

Астана-кітап
Алматы, 2021

ӘӨЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5Қаз)

М 86

Г. Мұхтарбек, Н.Тілдабай

М 86 DOSTAR-2. Тимур: Балаларға арналған әңгімелер. / Г. Мұхтарбек, Н.Тілдабай. - Алматы: Астана-кітап, 2021. - 52 б.

ISBN 978-601-7595-37-1

Тимур мақсатына өзі жету үшін әкесімен маңызды келісім шарт жасады. Бұл жолда ол сыныптасы Нұрбекпен бірігуі керек болды. Бірақ серігі Нұрбектің де өз жоспары бар. Екеуі ортақ мақсат үшін күш біріктіре ала ма?

ӘӨЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-7595-37-1

© Астана-кітап, 2021

Мазмұны

Жаңа смартфон.....	6
100 мың теңгелік сыйақы.....	8
Іріктеу	9
Бірінші кезең.....	12
Тимур мен әкесінің келісімі.....	14
Отаға керек қаражат.....	16
Тимурдың үйі.....	17
Екінші кезең.....	19
Қоқыссыз саябақ.....	21
Саябақтағы бір топ бала.....	22
Өзге топтар.....	25
Үшінші кезең.....	26
Күтпеген кездесу.....	26
Тосын әңгіме.....	29
Түнек пен Тимурдың кездесуі.....	30
Төртінші кезең.....	32
Айтылмаған құпия.....	34
Қорытынды күн.....	36
Айжұлдыз.....	37
Адалдық дүкені.....	40
Қоқыстың жаңа өмірі.....	42
Білімді бөліс.....	42
Мені өзгерткен бала.....	43
Шешуші сәт.....	45
Тапсырмалар.....	50

Құрметті оқырман!

Тимур жаңа смартфон алғысы келеді. Алайда әкесі оның тілегін орындаудан бас тартты. Себебі оған жақында ғана смартфон алып берген болатын.

Бірақ Тимур бұған көңісі келмеді. Мектепте жарияланған жарыс Тимурдың мақсатына жетуге деген ынтасын оятты. Оның жарыстағы серіктесі Нұрбек те жеңіске жетуге бел буған еді. Тимур мен Нұрбек ортақ мақсатқа жұмыла ала ма?

Біз бұл бөлімде Тимурдың жан-дүниесі мен көзқарасын ашып, оны сіздермен жақынырақ таныстырғымыз келді. Әрбір оқырман Тимур мен басқа да кейіпкердің мінез-құлқы мен әрекетін бақылап, саралайды. Сонымен қатар әңгімеде кездескен Түнек пен Айжұлдыздың қақтығысы жақсы мен жаманның күресі сияқты.

Бұл серияда достық, адалдық, еңбекқорлық, қайырымдылық пен отбасылық құндылықтар тақырыбы кеңінен қозғалып, оқырманға ой салғанын қаладық.

Ізгі тілекпен: “Астана-кітап”
баспасының авторлар ұжымы

ТИМУР



Жаңа смартфон

Тимур таңертең Instagram лентасын қарап отырған еді. Бір кезде “У-а-а-а-у! Жаңа айфон шығыпты!” деді аузы ашылып. Бұл жаңалықты оқи сала, Адинаның бөлмесіне жүгіріп барды.

– Адина, тұр! Тұрсаңшы, бір нәрсе көрсетем, – деді Тимур тағатсыздана Адинаның есігін қағып жатып.

– Ой, таң атпай не болды?! – деді Адина көзін уқалай-уқалай есікті ашып.

– Жаңа айфон шығыпты. Қарашы, – деп қолындағы ескіре қоймаған айфонынан жаңа айфонның жарнамасын көрсетті. – Камерасы түнде де жарық қылып түсіре... – деп Тимур айфонды енді мақтап жатыр еді, Адина оның сөзін бөліп жіберді.

– Әй, жүгермек! Мені осыған бола ояттың ба? – деп Адина есікті ішінен жауып алды да, жылы төсегіне оралып қайта ұйықтауға кірісті.

Бұған Тимур аса мән бермеді. Есіл-дерті жаңа смартфонда. Қолында былтыр шыққан айфоны бола тұра жаңасын алғысы келіп тұр. Содан әкесін жағалай бастады. Жаңа айфон сатып алуға көмектесетін жалғыз адам болса, ол – әкесі.

– Пап? Папау? – деді Тимур қонақ бөлмеге бара жатып.

– Ау, балам? – деді әкесі оқып отырған кітабын қоя тұрып.

– Қайырлы таң! Жаңа айфон шығыпты ғой. Көрдіңіз бе? – деді Тимур бірдеңеге үлгермей қалатындай есі шығып. – Қазір сізге жарнамасын көрсетемін, – деді. Сөйтіп, Адинаға көрсете алмай қалған әлгі жарнама видеоны әкесіне көрсете бастады.